

## 1994 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талғар ауданы әкімінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 12-321 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Талғар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 18 қаңтарда N 2-18-122 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 05 қыркүйектегі № 09-591 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 05.09.2016 № 09-591 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағы 13)-тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 05 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке қою, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін анықтау, әскерге шақырушыларды алдын ала белгілеу мақсатында Талғар ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылғы қаңтар-наурыз айларында 1994 жылы туылған және бұрын шақыру учаскесінде тіркеуден өтпеген ересек азаматтарды Талғар қаласы, Павлов көшесі, 22/а мекен жайында орналасқан шақыру учаскесіне "Талғар қалалық Біріккен қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесі арқылы тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қалалық, ауылдық округтердің әкімдері және ұйымдардың басшылары жыл сайын белгіленген мерзімде Талғар қалалық Біріккен қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің тізімін берсін.

3. Талғар ауданы әкімінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі "Талғар ауданы бойынша 1993 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" N 04-93 (Талғар ауданының Әділет басқармасында нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде

2010 жылғы 07 маусымда тіркелген нөмірі 2-18-105, "Талғар" газетінің 2010 жылғы 19 маусымда 28 нөмірінде жарияланған) шешімі күші жойылды деп танылсын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Садықова Райхан Нұрмырзақызына жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Өмірәлиев*